ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 15 тамыз №5165-24-00-2/1717 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья К.С.Чингиспаева,
сот отырысының хатшысы А.Амиркулованың қатысуымен
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «ӘБДІҚАДІР К.Б.» Керімжан Бауыржанұлы Әбдіқадір

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАН:
талап қоюшының өкілдері Ә.Бейсенбайқызы, С.Сапарова
жауапкердің өкілі Д.Тұрысбай

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 5 мамырда Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – талап қоюшы, тапсырыс беруші) атынан «Түркістан облысы бойынша дезинфекция орталығы» филиалы мен дара кәсіпкер «ӘБДІҚАДІР К.Б.» атынан К.Б.Әбдіқадір (бұдан әрі – жауапкер, өнім беруші) арасында №62 санды электронды түрде көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарты (бұдан әрі - шарт) түзілген.

Шарттың талаптарына сай өнім беруші шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес айына экипажымен (жүргізушімен), жанар-жағармаймен бірге жолаушылар көлігін жалға алу қызметін көрсетуге міндеттеме алған.

Шарттың №1,2 қосымшаларына сай өнім беруші 18 900 000 теңгеге қызметтерді 2024 жылдың бірінші наурызынан отыз бірінші желтоқсанына дейін тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күн ішінде орындауға міндеттенген.

Жауапкермен 567 000 теңге көлеміндегі шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы төленген.

Талап қоюшы сотқа талап қоюмен жүгініп, онда жауапкер қызметтерді көрсетпей, өз міндеттемелерін орындамағаны үшін, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған.

Жауапкер жазбаша қарсы пікірінде талап қоюмен келіспей, техникалық ерекшелікке қызметті айға емес шыққан күнге немесе сағатқа төлену туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы қосымша келісім түзу қажеттілігі бойынша дау шешілмей қызметті көрсетуге мүмкін еместігін көрсетіп, талап қоюды қараусыз қалдыруды сұраған.

Талап қоюшының өкілдері Ә.Бейсенбайқызы, С.Сапарова талап қоюды қолдап, жауапкер 2024 жылғы 6 мамырдағы тапсырыс бойынша қызметті 2024 жылғы 21 мамырға дейін көрсетпегендіктен талап қоюды қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкердің өкілі Д.Тұрысбай талап қоюды мойындамай, тапсырыс берушінің тарапынан қосымша келісім түзілместен қызметті көрсете алмайтындарын, сондықтан тапсырыс бойынша қызмет көрсетілмегенін мәлімдеді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272, 277-баптарына сәйкес, міндеттеме – міндеттеме шарттарымен заң талаптарына сәйкес тиісінше және мерзімінде орындалуға тиіс.

АК-нің 392-бабының 1,2-тармақтарына сәйкес сот шарт ережелерін түсіндірген кезде ондағы сөздер мен сөйлемдердің сөзбе-сөз мәні ескеріледі. Шарт ережесінің сөзбе-сөз мәні түсініксіз болған ретте ол бүкіл шарттың басқа ережелерімен және мағынасымен салыстыру арқылы анықталады.

Егер осы баптың бірінші тармағындағы ережелермен шарт мазмұнын анықтау мүмкін болмаса, шарт мақсатын ескере отырып тараптардың шын мәніндегі ортақ еркі анықталуға тиіс. Бұл орайда шарт жасасу алдындағы келіссөздер мен хат жазысуды, тараптардың өзара қатынастарында орныққан тәжірибені, іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарды,

Құжатқа қол қойылған: Чингиспаева К. С., 19.08.2024
Заңды күшіне енген күні: 20.09.2024, судья Чингиспаева К. С., 24.09.2024
5165-24-3-1/1666

талаптардың бұдан кейінгі мінез-құлқын қоса алғанда, тиісті мән-жайлардың бәрі ескеріледі.

АК-нің 393-бабының 1-тармағына сай тараптар арасында шарттың барлық елеулі ережелері бойынша тиісті жағдайларда талап етілетін нысанда келісімге қол жеткен кезде шарт жасалды деп есептеледі.

Шарттың мәні туралы ережелер, заңдарда елеулі деп танылған немесе шарттардың осы түрі үшін қажетті ережелер, сондай-ақ бір тараптың мәлімдеуі бойынша келісімге қол жеткізуге тиісті барлық ережелер елеулі ережелер болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V ҚРЗ Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабы 4-тармағының 3) тармақшасына сай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Заңның 46-бабына сай мемлекеттік сатып алу туралы шарт тапсырыс беруші мен өнім беруші оған қол қойғаннан кейін күшіне енеді. Егер мемлекеттік сатып алу туралы шарт тіркелуге жататын болса, ол Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелгенінен кейін күшіне енеді.

Аталған заңның талаптарына сай шарт 2024 жылдың 5 мамырдан бастап күшіне енген. Көрсетілген мерзімнен бастап жауапкердің шарт талаптарын орындау бойынша міндеттемелері туындады.

Шарттың 1.1-тармағының талаптарына сай өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша қызмет(тер) көрсетуге міндеттенеді, ал тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен көрсетілген қызмет(тер)ді қабылдауға және Шарт бойынша өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді.

Шарттың №2 қосымшасында жүргізушімен жеңіл автомобильдерді жалға беру бойынша қызметтерді ұсыну тапсырыс берушінің өтінімі бойынша күнтізбелік 15 күн ішінде жүзеге асырылатыны көрсетілген

Сотта анықталғандай, тапсырыс берушінің өтінімі өнім берушіге 2024 жылғы 6 мамырда жолданып, қызметті көрсету мерзімі 2024 жылдың 21 мамыры деп көрсетілген.

Дегенімен, жауапкермен осы тапсырыс бойынша қызметтер көрсетілмей, соңғымен талап қоюшыға шарттың талаптарын өзгерту туралы ұсыныстар жолданған.

Алайда, істің құжаттарынан жауапкер конкурсқа қатысқан уақытта техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптармен танысып, осы талаптармен келісіп, шартқа қол қойғаны анықталады.

Құжатқа қол қойылған: Чингиспаева К. С., 19.08.2024

Заңды күшіне енген күні: 20.09.2024, судья Чингиспаева К. С., 24.09.2024

Яғни, өнім беруші шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес қызметтер көрсетуге тиіс болған.

Осыған байланысты, 2024 жылдың 31 мамырында жауапкерге шарт бұзылатыны туралы хабарламасы жолданған, алайда өнім беруші шартпен белгіленген міндеттемелерін орындамаған.

Сондықтан, жауапкер шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған салдарынан 2024 жылғы 2 шілдеде шарт біржақты бұзылған.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен негізді деп танылады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 846 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның талап қоюы қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «ӘБДІҚАДІР К.Б.» Керімжан Бауыржанұлы Әбдікадір мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «ӘБДІҚАДІР К.Б.» Керімжан Бауыржанұлы Әбдікадірден мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге, АПК-нің 403,404-баптарының талаптарын сақтай отырып шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалармен өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына шағым, прокурормен өтінішхат берілуі (келтірілуі) мүмкін.

Құжатқа қол қойылған: Чингиспаева К. С., 19.08.2024

Заңды күшіне енген күні: 20.09.2024, судья Чингиспаева К. С., 24.09.2024

Судья **К.С.Чингиспаева**

Құжатқа қол қойылған: Чингиспаева К. С., 19.08.2024

Заңды күшіне енген күні: 20.09.2024, судья Чингиспаева К. С., 24.09.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»